

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Куба Республикасының Үкіметі арасында Екі мемлекет азаматтарының өзара сапарларының тәртібі жөнінде келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 14 ақпан N 240

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Куба Республикасының Үкіметі арасындағы Екі мемлекет азаматтарының өзара сапарларының тәртібі жөніндегі келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кубалық

тараппен келіссөздер жүргізсін және уағдаластыққа қол жеткізілгеннен кейін Келісім жобасына принципті сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бере отырып, аталған Келісімді Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Куба Республикасының Үкіметі
арасындағы Екі мемлекет азаматтарының өзара сапарларының тәртібі
жөніндегі келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Куба Республикасының Үкіметі,

экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық, мәдени және басқа да
салаларда достық қатынастарды дамытуға, ынтымақтастықты нығайтуға
жәрдемдесу тілегін басшылыққа ала отырып,

екі мемлекет азаматтарының өзара сапарларына жәрдемдесуге тілек
білдіре отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

I Бөлім
Жалпы ережелер

1-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары мен Куба Республикасының азаматтары осы Келісімде көзделген шарттармен жол жүру құжаттары бойынша мемлекеттердің әрқайсысының аумағына келе алады, кете алады, транзитпен өте алады және онда уақытша бола алады.

2-бап

Осы Келісім мағынасында мыналар жол жүру құжаттары болып табылады:

1. Қазақстан Республикасының азаматтары үшін:

- дипломаттық паспорт;
- қызметтік паспорт;
- Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- теңізшінің паспорты;
- Қазақстан Республикасы әуе кемесі экипажы мүшесінің куәлігі (экипаж құрамындағы сапары кезінде);
- қайта оралуға арналған куәлік.

2. Куба Республикасының азаматтары үшін:

- дипломаттық паспорт;
- ресми паспорт;
- қызметтік паспорт;
- ұлттық паспорт;
- теңізшінің паспорты.

Тараптар дипломатиялық арналар бойынша жаңа жол жүру құжаттарының енгізілгені туралы бір-біріне уақтылы хабарлайтын болады, сондай-ақ бұрын қолданылып жүрген құжаттарға өзгерістер енгізілген жағдайда олардың үлгілерін а л м а с а д ы .

3 - б а п

Бір Тарап мемлекеті азаматтарының екінші Тарап мемлекетінің аумағына келуі,

кетуі және онда болуы осы Келісіммен және қабылдайтын Тараптың ұлттық заңдарымен реттеледі.

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған кезінде соңғы Тараптың заңдары мен ережелерін, оның ішінде шетелдік азаматтар үшін белгіленген тіркеу, болу, жүріп-тұру және транзиттік өту ережелерін сақтауға міндетті.

4-бап

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағына халықаралық жолаушылар қатынасы үшін ашық шекаралық пункттер арқылы келе алады, кете алады немесе транзитпен өте алады, бұл орайда Тараптардың ұлттық заңдары мен ережелеріне сәйкес қажетті шарттылықтарды орындайды.

II БӨЛІМ

Қызмет бабындағы сапарлар

5-бап

Тараптар мемлекеттерінің дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар азаматтары тиісінше екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келе алады, кете алады және транзитпен өте алады. Бұл орайда Тараптар мемлекеттерінің аумағында болуы келген күнінен бастап 30 (отыз) күннен аспауы тиіс.

Егер бір Тарап мемлекетінің жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында отыз күннен артық болғысы келген жағдайда, олар алдын ала визалар алуға тиісті.

6 - б а п

Бір Тараптың екінші Тарап мемлекеті аумағында орналасқан дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің қызметкерлері, сондай-ақ олардың дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар отбасы мүшелері өздерінің қызмет бабындағы бүкіл кезеңінде екінші Тарап мемлекетінің аумағына визаларсыз келуге, кетуге және онда болуға құқылы. Сондай-ақ өздері иеленушілері болып табылатын Тараптар мемлекеттері азаматтарының дипломаттық немесе қызметтік паспорттарына жазылған кәмелеттік жасқа толмаған балаларға да виза талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының және Куба Республикасының азаматтық авиациялары ұшақтарының экипаж мүшелері болып табылатын Тараптар мемлекеттерінің азаматтары Тараптардың құзыретті органдары берген келу визалары бойынша Қазақстан Республикасы мен Куба Республикасының әуежайлары арасында әдеттегі және чартерлік, сондай-ақ Тараптардың келісімі бойынша арнайы рейстер жасай алады.

1. Теңізшінің паспорты бар Қазақстан Республикасы мен Куба

Республикасының теңіз және өзен кемелерінің экипаж мүшелері болып табылатын Тараптардың азаматтары визасы болған жағдайда Тараптар мемлекеттерінің аумағына келе алады, кете алады және онда уақытша бола алады.

2. Науқастанған немесе басқа да күтпеген жағдайларда жүріп-тұруы үшін көліктің жер үсті немесе әуе кемелерін пайдалануға мәжбүр болған Тараптардың бірінің теңіз және өзен кемелері экипаждарының мүшелері визасы болған жағдайда екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы өте алады.

III Бөлім Туристік сапарлар

9-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің азаматтары жарамды жол жүру құжаттары негізінде және визасы болған жағдайда екінші Тарап мемлекетінің аумағына туристік сапарлар жасай алады.

2. Туристік сапарлардың шарттарын (мерзімін, бағыттарын және тағысын тағылар), сондай-ақ құжаттардың нысанын Тараптар мемлекеттерінің туристік ұйымдары белгілейді.

IV Бөлім Жеке ісі бойынша сапарлар

10-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында уақытша жүрген немесе тұрақты тұратын туысқандарына немесе таныстарына визасы болған жағдайда ұлттық паспорттарымен жеке істері бойынша сапарға шыға алады.

2. Сапар жасалатын мемлекеттің аумағында Тараптардың құзыретті органы

берген шақыру туралы куәлік виза алу үшін негіз болып табылады. Ерекше жағдайларда шақыру туралы куәлік сапар жасалатын мемлекеттің аумағында Тараптардың құзыретті органы куәландырған шақыру-жеделхатпен алмастырылуы мүмкін.

11-бап

Бір Тарап мемлекетінің азаматтары қабылдаушы мемлекеттің құзыретті органдары берген келу визалары бойынша екінші Тарап мемлекетінің аумағына тұрақты тұруға бара алады.

12-бап

Екінші Тарап мемлекетінің аумағында тұрақты тұратын бір Тарап мемлекеті азаматтарының шетелдік сапарлары олар тұрақты тұратын елдің ережелерімен реттеледі.

Ү Бөлім

Басқа да ережелер

13-бап

Тараптардың әрқайсысы екінші Тарап мемлекеті азаматтарының өз мемлекетінің аумағына келуінен бас тартуға немесе олардың болу мерзімін қысқартуға құқылы.

Мұндай жағдайларда осы адам азаматы болып табылатын мемлекеттің дипломатиялық немесе консулдық өкілдіктері дер кезінде құлақтандырылады.

Бір Тарап мемлекетінің азаматы екінші Тарап мемлекетінің аумағында жол жүру құжатын жоғалтып алған немесе бүлдіріп алған жағдайда бұл туралы жергілікті құзыретті органға хабарлауы тиіс, жергілікті құзыретті орган әлгі азаматқа жол жүру құжатының бүлінгені немесе жоғалғаны туралы оның өтінішін растайтын анықтаманы т е г і н б е р е д і .

Осы адам азаматы болып табылатын мемлекеттің дипломатиялық немесе консулдық өкілдігі жоғалған немесе бүлінген құжаттың орнына оған жаңа жарамды ж о л қ ұ ж а т ы н б е р е д і .

1 5 - б а п

Тараптар қажеттілігіне қарай ресми арналар арқылы ақпарат алмасады және осы Келісімнің ережелерін қолдануға байланысты мәселелер бойынша кеңесетін болады.

1 6 - б а п

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген х а т т а м а л а р м е н р е с і м д е л е д і .

Осы Келісімнің кез-келген бабын түсіндіруге және қолдануға қатысты

Тараптар арасындағы болуы мүмкін кез келген дау-дамай келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі.

17-бап

Тараптардың әрқайсысы ерекше жағдайларда (жұқпалы ауру, індет, табиғи апат және т.б.) осы Келісімнің кейбір ережелерін қолдануды уақытша тоқтатуы мүмкін.

Осындай шараларды қабылдаушы Тарап мүмкіндігінше алдын ала, бірақ осындай шаралар енгізілгенге дейін кем дегенде 24 сағат бұрын осындай шаралардың қабылданғаны туралы және тиісінше олардың алынып тасталғаны туралы дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа хабарлайды.

ҮІ Бөлім
Қорытынды ережелер

18-Бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасы мен Куба Республикасы арасындағы қарым-қатынаста КСРО Үкіметі мен Куба Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы 1985 жылғы 10 қаңтардағы келісім күшін жояды.

3. Осы Келісімнің ережелері Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың міндеттемелеріне ықпал етпейді.

4. Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалды және Тараптардың бірі оның қолданысын тоқтататыны туралы өзінің ниетін дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа жазбаша хабарлаған уақытқа дейін күшінде болады. Мұндай жағдайда екінші Тарап хабарламаны алғаннан кейінгі тоқсаныншы күні осы Келісімнің қолданысы тоқтатылады.

_____ қаласында 1999 жылғы "___" _____ екі дана болып, әрқайсысы қазақ, испан және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаса Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының Куба Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.